

Акмадиева Г.П.

**Тәуелсіз Қазақстанның
дипломатиялық тәжірибесі
қалыптасуының тарихи аспекті**

Мақалада қазіргі Қазақстанның дипломатиялық қызметінің алғышарттарына, қалыптасуы мен дамуының тарихи аспектіне талдау жасалған. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы дипломатиялық тәжірибенің алдында тұрған алғашқы міндеттерін, қадамдарын қарастырған. Сонымен бірге, мақалада тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қызмет атқарған дипломаттарға назар аударылған. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің даму кезеңдері мен қазіргі кезеңдегі негізгі міндеттеріне талдау жасалған. Қазақстан Республикасы дипломатиялық тәжірибесінің нормативті-құқықтық негізін, олардың жетілдірілуін талдаған. Автор Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиясының тұжырымдамалық негізі жөнінде өзінің көзқарасын білдіреді. Мақалада Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің дамуы мен ұйымдастырылуының құқықтық реттелуіне талдау жасалған. Материл қазіргі Қазақстанның сыртқы саясат нормалары мен институттарын салыстыру және Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметін жетілдірудің тарихи жолын анықтау контекстінде берілген.

Түйін сөздер: дипломатия, дипломатиялық қызмет, сыртқы саясат, Қазақстан Республикасы, Сыртқы істер министрлігі.

Akmadiyeva G.P.

**The historical aspect of the
formation of the diplomatic
practice of independent
Kazakhstan**

The article deals with the historical aspect of the formation and development of diplomatic service of modern Kazakhstan. The author considers goals of the diplomatic practice of the Republic of Kazakhstan in the beginning of the independence. Also, it is paid the attention on diplomats who worked in the period of formation of the independence. It is analyzed development periods and main goals of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan at the present stage. The author considers legislative and regulatory base of diplomatic practice of the Republic of Kazakhstan. The author offers his vision of the conceptual foundations of foreign policy and diplomacy of the Republic of Kazakhstan. The article analyzed the development and legal regulation of the organization of the diplomatic service of the Republic of Kazakhstan. The material is presented in the context of the historical ways of improving the diplomatic service of the Republic of Kazakhstan in the comparison of institutions and norms of the foreign policy of developing modern Kazakhstan.

Key words: diplomacy; diplomatic service; foreign policy; Republic of Kazakhstan; Ministry of Foreign Affairs.

Акмадиева Г.П.

**Исторический аспект
становления дипломатической
практики независимого
Казахстана**

В статье рассматривается исторический аспект становления и развития дипломатической службы современного Казахстана. Автор рассматривает первоначальные задачи дипломатической практики Республики Казахстан в первые годы независимости. А также уделяет внимание дипломатам, которые исполняли обязанности в период становления независимости. Проанализированы периоды развития и основные задачи Министерства иностранных дел Республики Казахстан на современном этапе. Автор рассматривает нормативно-правовую базу дипломатической практики Республики Казахстан и предлагает свое видение концептуальных основ внешней политики и дипломатии Республики Казахстан. Анализирует развитие и правовое регулирование организации деятельности дипломатической службы Республики Казахстан. Материал представлен в контексте исторического пути совершенствования дипломатической службы Республики Казахстан в сравнении институтов и норм внешней политики развивающегося современного Казахстана.

Ключевые слова: дипломатия, дипломатическая служба, внешняя политика, Республика Казахстан, Министерство иностранных дел.

**ТӘУЕЛСІЗ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ
ТӘЖІРИБЕСІ
ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ
ТАРИХИ АСПЕКТИ**

Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің өзара тәуелділігінің өсуі және қазіргі әлемнің жаһандық мәселелеріне байланысты мемлекетаралық қатынастардың күрделенуі әрбір мемлекеттің дипломатиялық қызметінің рөлі мен маңызын арттырып отыр. Қазіргі даму және халықаралық қатынастардың күрделенуі жағдайында мемлекеттер арасындағы байланыстардың кең және әртүрлі болуының арқасында мемлекеттің сыртқы саясатын және дипломатиялық қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың рөлі артып, олардың құқықтық мәртебесі нығайып, атқаратын функциялары кеңейіп әрі өзгеріп жатыр. Бұл міндеттерді орындау Қазақстан Республикасы сыртқы қатынастарының шетелдік және ішкі мемлекеттік органдарының дипломатиялық қызметіне жүктелген.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін мемлекет жетекшілерінің алдында өзіндік сыртқы саясат жүргізудің күрделі міндеттері тұрды. 1990 ж. басында негізгі міндет – дипломатиялық қызметтің нормативті-құқықтық негізін құру, оның мәртебесін, міндеттері мен өкілетін, ұйымдастырушылық құрылымын анықтап, кадрлық жағынан қамтамасыз ету, сонымен бірге министрлікті қаржы және материалдық-техникалық жағынан қамту болды [1]. Себебі, республикалық Сыртқы істер министрлігінің функциялары тек қана консулдық және хаттамалық мәселелермен шектелгендіктен Қазақстанның халықаралық аренада өзіндік іс жүргізу тәжірибесі болмады. Осындай жағдайда Президент Н.Ә. Назарбаев Ресей Сыртқы істер министрлігіне кеңестік министрлікте қызмет атқарған қазақстандық дипломаттарды іріктеп, олардың Отанына қайта оралуына әрекет жасау өтінішін білдірген болатын. Бірінші кезекте тек қана орталық аппаратта емес, сонымен бірге шетелдердегі КСРО елшіліктерінде және халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерде қызмет атқарған тәжірибелі дипломаттар жайлы сөз қозғалды.

Бұл туралы С. Курмангужин «Қысқа мерзімнің ішінде орталық аппарат пен шетелдерде қызмет атқарған қазақстандық дипломаттар шақырылып, олар ҚР Сыртқы істер министрлігі бөлімшелерінің жетекшілері ретінде тағайындалды. Біз қызметкерлердің өзара алмасылымдылығын ұйымдастыруға тырыстық, қауыртты тәртіп бойынша жұмыс істеп, қызмет-

керлерді әртүрлі бағыттар бойынша тағайындадық және олар сөзбе сөз айтқанда қысқа мерзім ішінде жұмыс жасады. Тәуелсіз Қазақстан сыртқы саясатының тиімділігі дипломатиялық кадрларды даярлаудың деңгейіне байланысты екені анық болды. Республикаға КСРО Сыртқы істер министрлігінің жүйесінде қызмет атқарған 12 жоғары білікті дипломаттар қайтып келді. Олар және ҚазКСР Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлері сыртқы саяси ведомстваның ұйымдастырушылық мәселелерін шешкен негізгі ұйытқысы болды және біздің дипломатиямыздың халықаралық аренаға шығуын қамтамасыз етті» – деген баға береді [2].

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің қалыптасу жолындағы маңызды қадам 1992 ж. 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғысымен бекітілген «ҚР Сыртқы істер министрлігі жөніндегі» Ереже болды. Бұл Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мемлекеттің дипломатиялық қызметінің орталық органы мәртебесіне ие болды. Ережеде Сыртқы істер министрлігінің функциясы, құрылымы, дипломатиялық ранг беру, қызмет ақысы, материалдық-техникалық қамту мәселелері анықталды [3].

Бірақта отандық дипломатияның тамыры Қазақстан Республикасының егеменді даму жылдарымен шектеліп қоймайды, оның тарихы тереңде жатыр және Қазақстан тарихымен тығыз әрі үздіксіз байланысты. Қазақстандық дипломатияда тәуелсіздік пен азаттыққа ұмтылған қазақ халқы ата-бабаларының табанды рухы мен данышпандығы көрініс тапқан. Қазақ ұлттық дипломатиясының негізі Қазақ хандығының кезінде-ақ қаланған. Бұл үрдіс мемлекеттің территориялық тұтастығын және тәуелсіздігін қорғау ісіне маңызды үлес қосқан Керей мен Жәнібек хандарының басқару кезеңінде басталып, Әбілқайыр мен Абылай кезеңінде жалғасын тауып жатты. Егер ХХ ғ. келсек, мемлекетаралық сипатқа ие болған алашордалықтардың қызметін мысалға алуға болады. Отандық дипломатия тарихында КСРО-ның Сауд Аравиясындағы өкілетті өкілі әрі әйгілі қазақ дипломаты Нәзір Төреқұловтың қызметі маңызды орын алады.

Сонымен бірге, 2014 ж. қазақстандық сыртқы саяси ведомство өзінің 70 жылдығын атап өткені белгілі. 1944 ж. 1 ақпанда КСРО Жоғары Кеңесі «Одақтас республикаларға сыртқы қатынастар саласында уәкілдік беру және осыған байланысты Жалпы одақтық Сыртқы істер халық комиссариатын одақтас-республикалық Халық

Комиссариатына ауыстыру (қайта құру) жөніндегі» Заң қабылдаған болатын. Бұл құқықтық актінің маңыздылығын бағалай келе, профессор М.А. Сарсембаев «Заңның қабылдануымен әрбір одақтас республикада ендігі кезекте жалпы одақ органдары арқылы емес, тікелей түрінде халықаралық құқықтық субъектілікті жүзеге асыру мүмкіндігі туды» деген пікір білдіреді [4].

Министрліктің тарихы Қазақстан Сыртқы істер халық комиссариатының бірінші халық комиссары Төлеген Тәжібаевтың атымен тығыз байланысты. Оның жетекшілігімен алғашқы шешімдер мен алғашқы құжаттар қабылданды. Сонымен бірге, ҚазКСР Сыртқы істер министрлігі жалпы КСРО-ның сыртқы саясатына қосқан үлесімен белгілі. Мысалы, 1973-1976 ж. аралығында Сыртқы істер министрі қызметін атқарған М. Фазылов 1976-1983 ж. КСРО-ның Малидегі, ал 1983-1990 ж. Мароккодағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін атқарған.

Біздің ойымызша, өз кезеңінде әлемдегі жетекші сыртқы саяси ведомствалардың бірі ретінде бағаланған КСРО Сыртқы істер министрлігінде қол жеткізген тәжірибе тәуелсіз Қазақстан дипломатиясының «үзіліссіз» халықаралық ынтымақтастық пен серіктестік көпірін құруға ықпалын тигізді. Олардың мектебі көптеген жас дипломаттарға дипломатиялық хат алмасудың сабағын, аналитикалық жазбалардың стилистика қағидасын игеруге мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануымен Сыртқы істер министрлігінің тарихы жаңа деңгейге шықты. 1991 ж. желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі лауазымына Төлетай Сүлейменовты тағайындау жөнінде ҚР Президентінің Жарғысы қабылданды.

1992 ж. барысында Қазақстан Республикасының алғашқы елшілерін тағайындау жұмыстары өтті: Ақмарал Арыстанбекова – БҰҰ жанындағы тұрақты өкіл, Қанат Саудабаев – Қазақстанның Түркиядағы елшісі, Алим Джамбуршин – Қазақстан Республикасының АҚШ-ғы елшісі, Мұрат Әуезов – Қазақстан Республикасының Қытайдағы елшісі болып тағайындалды [5]. 1994 ж. бастап шетелдердегі Қазақстан Республикасының елшіліктерінің саны 15-тен 52-ге жеткен. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан елшісі лауазымына 122 адам тағайындалған [6].

1993 ж. 18 сәуірде Қазақстан Республикасының Вена конвенциясына қосылуы туралы ҚР Президентінің Жарғысы қабылданды. Бұл 1994 ж. 4 ақпанда күшіне енді. 1961 ж. дип-

ломатиялық қатынастар жөніндегі Вена конвенциясы мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастарды реттейтін негізгі халықаралық құқықтық құжат болып саналады. Сондықтан Қазақстан Республикасының тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында аталған конвенцияға қосылуы республикамыздың дипломатиялық қызметі мен тәжірибесінің қалыптасуы мен дамуындағы негізгі қадамдардың бірі болды деп айтуға болады.

1995-1999 ж. «Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерге қол қою, орындау және күшін жою тәртібі жөніндегі» Заңның, «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жөніндегі Ереженің» және «Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысының» қабылдануымен сыртқы саяси қызметтің заңнамалық негізі құрылды. 1997 ж. 12 қарашада тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі жөніндегі» Заңға қол қойылды [7]. Бұл Заңның көптеген нормаларының Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі үшін қажеттілігіне қарамастан, аталған Заңды тәжірибелік тұрғыдан жетілдіру қажет болды. Яғни, дипломатиялық қызметтің қалыптасу үрдісінде қазақстандық дипломаттардың көп қырлы қызметінің атқарымдық, саяси-құқықтық аспектілерін нығайту қажеттілігі туындады. Осындай жағдайда, жоғарыда аталған Заң қайта қарастырылып, 2002 ж. 7 наурызда дипломатиялық қызметті кеңейту және дамыту талаптарына сәйкестеліп, екінші рет қабылданды. Аталған Заң Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметін ұйымдастыру тәртібін, құқықтық негізін анықтап берді. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі жөніндегі» Заңның 2 бабының 1 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының консулдық қызметі дипломатиялық қызметтің бөлігі болып табылады және мемлекеттің құқығы мен мүдделерін, азаматтары мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауға бағытталған, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен достық қатынастарын дамытуға, экономикалық, сауда, гуманитарлық-мәдени байланыстарды кеңейтуге ықпал етеді [8]. Айта кету керек, Парламентте аталған Заң жобасы азаматтардың дипломатиялық қызметке кірісу барысында мемлекеттік және орыс тілдерін меңгеру қажеттілігі жөніндегі нормамен толықтырылды. Бұл талап алғаш рет енгізілді және өзінің мерзімі жағынан тілдерді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырумен байланысты болды.

2010 ж. 27 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі жөніндегі» Заңға «Өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі» Заң қабылданды. Бұл толықтырулар Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарына, Сыртқы істер министрлігіндегі қызметке тағайындау және қызметтен босату құзыретін шектеу, жоғары дипломатиялық ранг беру, дипломатиялық қызмет қызметкеріне біржолғы жәрдем ақша беру т.б. мәселелерге қатысты болды. Толықтыруларда Төтенше және Өкілетті Елші рангысына ие дипломатиялық қызметкерлер Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспортын өмір бойы қолдануға құқылы деп көрсетілген. Аталған Заң 2001 ж. 1 қаңтарынан бастап күшіне енді [9].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәселелері 2004 ж. 28 қазанда Үкімет қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жөніндегі» Ережеге сәйкес реттеледі [10]. Бұл Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының сыртқы саяси ведомствасының негізгі міндеттері ретінде келесілер бекітілді:

1) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының концепциясы мен негізгі бағыттарын өңдеу;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын жүзеге асыру, сыртқы экономикалық саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасының халықаралық беделін нығайту;

3) Шет елдерде Қазақстан Республикасының мүддесін, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау;

4) дипломатиялық құрал арқылы халықаралық бейбітшілік, жаһандық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

5) дипломатиялық құралдар және Қазақстан Республикасының территориялық тұтастығын, қауіпсіздігі мен егемендігін қорғау әдісі арқылы ҚР-дың басқа мемлекеттермен қатынастарындағы және халықаралық аренадағы саяси, сауда-экономикалық т.б. мүдделерін қорғау;

6) Президентке Қазақстан Республикасының сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясы бойынша ұсыныстар білдіру және Президенттің халықаралық бастамаларын жүзеге асыру;

7) Қазақстан Республикасының шетелдермен, халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қатынастарын іске асыру;

9) әлемдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайды, шетел мемлекеттерінің сыртқы және ішкі саясатын, халықаралық ұйымдардың қызметіне талдау жасау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық органдарын қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

Дипломатиялық қызметтің тиімділігін арттыру, дипломатиялық құжаттардың жалпыға ортақ нормаларға сәйкес келуі, сонымен бірге Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерінің міндеттілігін қамтамасыз ету үшін «Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері жөніндегі» Заң маңызды болды. Мұндай алғашқы Заң 1995 ж. 12 желтоқсанында қабылданды [11]. Ал 2005 ж. дипломатиялық қызметтің тәжірибесін ескере отырып толықтырылған аталған Заңның екінші нұсқасы қабылданды. Бұл Заң Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерінің бекітілу, орындалу, өзгеріске ұшырау, күшін жою тәртібін анықтайды.

Сонымен, жоғарыда қарастырылғандардың негізінде Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің нормативті-құқықтық негізі толық қалыптасқан деген баға беруге болады. Өңделген және қабылданған заңнамалық актілер Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі мәселелері толық құқылы реттелеулерге ие деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді, ал бұл заңнамалық актілердің мазмұны олардың халықаралық қатынастар саласының көптеген мәселелерін қамтитын кең диапазонды әрі өңделгендігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің құқықтық негізін құру үрдісінде көптеген нормативті актілер бірнеше рет жаңартылғаны белгілі, мұның өзі мемлекетіміздің дипломатиялық қызметінің одан әрі жетілдірілуі мен дамуының көрінісі бола алады.

Аздаған топ дипломаттарының қызметінен бастау алған және тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында қалыптаса бастаған Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі мемлекеттің сыртқы саясатына жауапты мемлекеттік ведомства ретінде қалыптасудың ауыр жолынан өтті. Бірқатар негізгі құжаттар түрінде көрініс тапқан дипломатиялық қызметтің құқықтық негізі қаланды, ҚР Сыртқы істер министрлігінің

кадрлық қуаты артты. Мемлекеттің сыртқы саяси шешімдерін жүзеге асырушы ретінде ҚР-дың дипломатиялық қызметі тәуелсіз Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кіруі, мемлекетіміздің шетелдегі жағымды имиджін қалыптастыру, аймақтық жетекші ретіндегі Қазақстан Республикасының беделін нығайту бойынша оңай емес міндеттерді атқарды.

2013 ж. наурызда өткен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Алқасының отырысында Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму бағдарламасын («2050-Стратегиясы») жүзеге асыру шараларын талқылау өткен болатын. Өз сөзінде сыртқы істер министрі Елбасының ұсынған стратегиясының әлемдік өркениеттің қазіргі заманғы даму және ХХІ ғ. талаптарына сәйкес келетіндігін атап өтті. ҚР-ның сыртқы саяси бағытына тоқтала келе, Ерлан Ыдырысов «Қазақстанның сыртқы саясаты бұрынғыдай теңгерімділік, бірізділік (жүйелілік) және болжамалы принциптеріне негізделген» деп, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың дипломатиялық ведомства алдына қойған стратегиялық міндеттерінің өзектілігін атап өтті [12].

Сондықтан, «2050-Стратегиясын», «Мәңгілік Ел» идеясын, Қазақстан Республикасының әлемнің дамыған 30 мемлекеті қатарына кіру Концепциясын жүзеге асыру аясында мемлекеттің ішіндегі саяси, экономикалық және әлеуметтік қайта құрулар үшін қолайлы сыртқы жағдай қалыптастыру, халықаралық аренадағы мемлекетіміздің ұлттық мүдделерін қорғау ҚР Сыртқы істер министрлігінің негізгі басым міндеттері болып отыр.

Сонымен, Қазақстан Республикасының дипломатиясы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап екі жақты және көпжақты халықаралық келісімдерге қол қоюға ерекше назар аударды. Бүгінгі таңда дипломатиялық қызметтің арқасында ынтымақтастықтың әртүрлі салалары бойынша шетелдермен және халықаралық ұйымдармен өзара тиімді қатынастарды дамыту және тереңдету үшін кең келісімдік-құқықтық негіз жасалып, көптеген дипломатиялық құжаттарға қол қойылды және де бұл дипломатиялық құжаттардың тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеу барысындағы тарихи дерек ретіндегі рөлі мен маңызы зор.

Әдебиеттер

- 1 Батыршаұлы С. Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар: оқулық. – Астана: ЕҰУ, 2010. – 484 б.
- 2 Курмангужин С. Обретение независимости Казахстана – сбывшаяся многовековая мечта наших предков // Казинформ. – 24 ноября 2006 г.

- 3 Токаев К.К. Дипломатическая служба Республики Казахстан. – Алматы: Дом печати «Эдельвейс», 2004. – 544 с.
- 4 Сарсембаев М.А. Международно-правовые отношения государств Центральной Азии. – Алматы: Ғылым, 1995. – 368 с.
- 5 Ашимбаев Д. Казахстанская дипломатия: кадры // Континент. – 2004. – №3(115) – С. 18-21.
- 6 Ашимбаев Д. Дипломаты Казахстана: история, цифры, кадры: К 70-летию Министерства иностранных дел Республики Казахстан 11.04.2014. – URL: <<http://www.nomad.su/?a=15-201404110017>>
- 7 Закон Республики Казахстан от 12 ноября 1997 года № 187-1 «О дипломатической службе». – URL: <http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008403>
- 8 Закон Республики Казахстан от 7 марта 2002 года № 299-ІІ «О дипломатической службе Республики Казахстан». – URL: <http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1029703>
- 9 Указ Президента Республики Казахстан от 7 сентября 2011 года №150 об утверждении Правил выдачи, учета, хранения и уничтожения дипломатического и служебного паспортов Республики Казахстан. – URL: <http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31052899&sublink=100>
- 10 Положение о Министерстве иностранных дел Республики Казахстан, утвержденное Постановлением Правительства РК от 28 октября 2004 года №1118. – URL: <<http://www.nomad.su/?a=3-201304050024>>
- 11 Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу закона, от 12 декабря 1995 г. № 2679 «О порядке заключения, исполнения и денонсации международных договоров Республики Казахстан». – URL: <<http://keden.kz/ru/zakon.php?id=13893>>
- 12 В МИД РК обсудили меры по реализации «Стратегии-2050» // BNews.kz. – 2013, март 3. – URL: <<http://meta.kz/novosti/kazakhstan/780099-v-mid-rk-obsudili-mery-po-realizacii-strategii-2050.html>>

References

- 1 Batyrshauly S. Diplomatıyalık kызmet zhane halykaralyk katynastar. Okulyk. – Astana: EEU, 2010. – 484 b.
- 2 Kurmanguzhin S. Obretenie nezavisimosti Kazakhstana – sbyvshayasya mnogovekovaya mechta predkov // kazinform. – 24 noyabrya 2006 g.
- 3 Tokaev K.K. Diplomaticheskaya sluzhba Kazakhstana. – Алматы: Дом печати «Edlveis», 2004. – 544 s.
- 4 Sarsembaev M.A. Mezhdunarodno-pravovye otnosheniya gosudarstv Tsentralnoi Azii. – Алматы: Gylym, 1995. – 368 s.
- 5 Ashimbaev D. Kazakhstanskaya diplomatiya: kadry // Kontinent. – 2004. – №3(115) – S. 18-21.
- 6 Ashimbaev D. Diplomaty Kazakhstana: istoriya, tsifry, kadry: K 70-letiyu Ministerstva inostrannyh del Respubliki Kazakhstan 11.04.2014. – URL: <<http://www.nomad.su/?a=15-201404110017>>
- 7 Zakon Respubliki Kazakhstan ot 12 noyabrya 1997 goda №187-1 «O diplomaticheskoi sluzhbe». – URL: <http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008403>
- 8 Zakon Respubliki Kazakhstan ot 7 marta 2002 goda №299-II «O diplomaticheskoi sluzhbe Respubliki Kazakhstan». – URL: <http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1029703>
- 9 Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 7 sentyabrya 2011 goda №150 ob utverzhenii Pravil vydachi, ucheta, hraneniya I unichtozheniya diplomaticheskogo I sluzhebnogo pasportov Respubliki Kazakhstan. – URL: <http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31052899&sublink=100>
- 10 Polozhenie o Ministerstve inostrannyh del Respubliki Kazakhstan, utverzhdennoe Postanovleniem Pravitelstva RK ot 28 oktyabrya 2004 goda №1118. – URL: <<http://www.nomad.su/?a=3-201304050024>>
- 11 Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan, imeyushei silu zakona, ot 12 dekabrya 1995 g. № 2679 «O poryadke zaklyucheniya, ispolneniy I denonsatsii mezhdunarodnyh dogovorov Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan. – URL: <<http://keden.kz/ru/zakon.php?id=13893>>
- 12 V MID RK obsudili mery po realizatsii «Strategii-2050» // BNews.kz. – 2013, mart 3. – URL: <<http://meta.kz/novosti/kazakhstan/780099-v-mid-rk-obsudili-mery-po-realizacii-strategii-2050.html>>